

Ш. БЕКМАҒАМБЕТОВ

**ТІЛДІК НЕГІЗДЕРДЕГІ ЛОГИКАЛЫҚ ҰҒЫМДАРДЫҢ
КОНЦЕПТУАЛДЫҚ СИПАТЫ ТУРАЛЫ**

Қазіргі қазақ тіл білімінде тілдік құбылысты, оның пайда болуы мен қызмет ету принциптерін когнитивтік бағытта зерттеуді мақсат еткен бірқатар еңбектерде мәселе, негізінен, орыс тіл біліміндегі пікірлерді жалаң қайталау сипатында көрініп жүрген тәрізді. Өйткені, көбіне, оларда тілдік-дүниетанымдық концептілер жеке-жеке алынып, олар бірі мен бірі жалпы ұғымдық-дүниетанымдық негізде де, генеалогиялық жақтан да тұтастық сипат танытпай, өзара байланыспай жатады. Яғни, тілдік танымдағы концептосфера дегеніміз жалпылық сипатта көрінбейтін, көбінесе, жекелік қана мәні бар ұғымдар мен солар туралы жартыкеш түсініктердің жиынтығы болып шығады. Мұның өзі, әрине, жалпы тілдік құбылыстың концептуалдық негіздерін, тіл мен сол тілдің пайда болуы процесіндегі дүниетанымдық ойлаудың байланыс сипатын түсінбеуден болып отыр деп білеміз.

Біздіңше, когнитивтік сипаттағы зерттеулердің негізгі екі бағытын айқындап алған жөн: бірі – тілдің қатысымдық (коммуникативтік) қызметіне байланысты когнитивтік сипаттағы мәселелер де, екіншісі – тілдің ең алғашқы пайда болуы, яки алғашқы номинация мәселесіне қатысты когнитивтік мәселелер. Яки, егер когниция құбылысын ұғыну (когни) деп түсінетін болсақ, онда ең ежелгі тілжасам кезеңіндегі когниция мен қазіргі тілдік тұрғыдағы қарастырылып жүрген когниция мәселелерін бірдей деп қарауға болмайды. Қазіргі тұрғыдағы когницияда тілдік құбылыстың қызметтік жағы, яки қатысымдық (коммуникативтік) мәселелері ілгергі орынға шығып жүр де, ал дүниетанымдық сипаттағы когниция, оның ішінде номинация мәселесі, әсіресе, ең ежелгі тілжасам кезеңіндегі номинация мәселесі мүлде назардан тыс қалуда.

Әдетте, таным процесінің екі сатылы сипаты туралы пікірлер айтылып қалады. Алғашқысы – сезімдік қабылдау деңгейі де, екіншісі – логикалық ойлау, пайымдау сатысы делінеді. Соның өзінде осы соңғы сатының қызметі әртүрлі түсіндіріледі. Мысалы, әдетте, *ойлау* дегеніміз «заттың қоғамдық, не табиғи болмысын тану» дәрежесінде көрінеді. Біз, тілдік таным негіздерімен байланысты қарастырғанда, мәселеге басқаша келген жөн деп білеміз. Яки, ең ежелгі тілжасам процесінде сезімдік қабылдау мен логикалық ойлау, тұтастай алғанда, бір саты түрінде, бірі мен бірі жалғаса көрінеді де,

нәтижесінде логикалық ұғым пайда болады. Яғни, логикалық ойлау сатысына көтерілмеген сезімдік қабылдау дегеніміз әлі де ойлау болып табылмайды. Сондықтан да, тек логикалық ойлау, яки пайымдау дәрежесіне жеткен танымдық процесі ғана біз шын мәніндегі ойлау деп тани аламыз. Мінекей, ең ежелгі тілжасам кезеңінде осылайша пайда болған осы логикалық ұғымдар әлі де нақты жекелеген зат туралы ғана ұғымдар емес, яки, тек қана заттық ұғымдар емес, белгілі бір сипаттағы көптеген заттарға ортақ болып келетін абстракциялық сипаттағы ұғымдар. Әрине, әуелде осы абстракциялық сипаттағы логикалық ұғымдар деп отырғандарымыздың өздері де белгілі бір дәрежеде заттық ұғым сипатында болған. Мысалы, біз негізгі логикалық ұғым деп танитын шар-қоршау ұғымы, нақтылай алғанда, шынымен де, заттық сипатта түсініледі. Бүгінгі тіліміздегі жалпыға түсінікті қоршау (шар-қоршау) ұғымынан пәлендей айырмасы жоқ. Бірақ олардың басты ерекшелігі сол – олар, екінші жақтан, басқа заттар мен құбылыстарды атау, бейнелеу үшін ұғымдық-дыбыстық сипаттағы қалып ретінде де қолданыла алады. Ал, мұндай қасиетке ие емес, нақты заттық ұғымдардың пайда болуы – кейінгі құбылыс, яки «заттың қоғамдық, табиғи болмысын тану» дегеніміз де осы кейінгі сатыға қатысты болады [1]. Айталық, қазіргі тіліміздегі *балық* сөзі өзінен тарайтын *балықшы*, *балықшылық* деген екі сөзден басқа сөзге негіз, қалып бола алмайды, ал жоғарыда біз айтып отырған тілдік негіз-ұғымдар тіл-тілде сан мыңдаған сөздердің пайда болуына негіз бола алады. Демек, біздіңше, атау (сөз) пайда болуы, ең ежелгі тілжасам шығармашылығы кезеңіне қатысты алғанда, затпен (денотатпен) тікелей байланысты болмайды да, заттың сөзге айналуы үшін қолданылатын, алдын ала жасалған қалыптар, яки логикалық ұғымдар және осы логикалық ұғымдардың дыбыстық-материалдық элементтері арқылы жүзеге асады. Яғни, атау процесінде адамзат затқа (денотатқа) логикалық-ұғымдар сипатындағы қалыптар арқылы қараған, затқа атау беру осы қалыптар арқылы жүзеге асырылған. Осындай ұғымдық-логикалық қалыптардың, яки логикалық негіз – ұғымдардың ең алғашқысы және негізгісі ретінде біз УП-*шар-қоршау* ұғымын таныдық. Айталық, *үй* сөзі жасалу үшін

үйдің (денотаттын) тікелей фотографиялық бейнесі емес, оның *қоршау* түрін-де қабылданатын абстракциялық сипаттағы логикалық ұғымы керек. Осы *қоршау* ұғымы басқа да алуан түрлі сөздердің (мұнара, бейіт, мола, мектеп, ипотека, дом, комната, офис, башня, т.б.) жасалуына ортақ негіз, қалып бола алады. Міне, осы логикалық *шар-қоршау* ұғымының пайда болуы басқа барлық заттық ұғымдардың пайда болуынан бұрын болған. Біз ең ежелгі концептуалдық сипаттағы ұғымдар деп осы логикалық ұғымдарды түсінеміз. Осындай сипаттағы ұғымдарда дүние ғалам туралы адамзат танымының аса маңызды түсініктері тұрғанын терең тілдік талдаулар арқылы ғана білуге болады.

Тіл дамуының келесі сатысы осы логикалық ұғымдар арқылы, соларды құрал ете отырып, заттық ұғымдардың, солардың белгілі бір жүйесінің жасалуы деп түсінуге болады. Заттық ұғымдар дегенде, біз нақты конкретті, материалдық заттар ғана емес, сондай-ақ адамзат ойлауының сол ең ежелгі кезеңдерінде-ақ абстракциялық сипаттағы заттық ұғымдардың пайда болғанын да анық байқаймыз. Шындығына келгенде, заттық ұғымдардан бұрын пайда болды деп отырған логикалық ұғымдарымыздың бәрі де абстрактылық сипаттағы ұғымдар. Мысалы, олар мынадай болып келеді: *қоршау*, *дөңес*, *ойыс*, *айналу*, *бүтін*, *толық*, т.б. Айталық, үй деген заттық ұғым әуелде біздің қазіргі түсінігіміздегідей үй ұғымын емес, қоршау ұғымын білдірген, яки үй дегеніміз – УП-қоршау, шар-қоршау (үнгір, қуыс, т.б.). Сондай-ақ, орыс тіліндегі мир (ғалам) сөзі де әуелде осы ми / пи / оп / УП – *шар-қоршау* ұғымын білдірген. Ал, сол ең ежелгі тілжасам дәуірінде *үй-қоршау* мен *ғалам-қоршаудың* айырмасы қол тілі (ым тілі) арқылы ерекшеленіп білдірілген. Адамзаттың ең алғашқы және ең негізгі дүниетанымдық сипаттағы түсінігі дүние-ғалам туралы *шар-қоршау* ұғымы болған деп білетіндіктен, біз бас-қа барша заттар мен құбылыстардың атаулары осы шар-қоршау ұғымына сүйене отырып, сол ұғымды тірек-ұғым ретінде қолдана отырып пайда болған деп білеміз. Бұған біз жоғарыда айтып өткен *үй-қоршау* ұғымы дәлел. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Демек, біздіңше, қазіргі тіл біліміндегі айтылып жүрген «заттың өзінің ерекше белгісі бойынша аталатындығы» туралы ілім ақиқатқа сай емес, яки, түптеп келгенде, затқа берілетін атаудың аталатын заттың ерекше белгісі бойынша емес, сол заттың ғалам туралы адамзат түсінігіне ұқсастық, сәйкестік белгісі бойынша берілетінін байқаймыз. Әрине, біз бұл жерде мәселенің бір ғана қырына тоқталып отырмыз.

Мұның сыртында тілдік негіздердің тілдік таным жүйесіндегі орыны мен қызметі туралы аса күр-делі түсініктердің қызметі жатыр. Біз мәселенің бұл жағына бармай-ақ, жоғарыда айтылып өткен *шар-қоршау* негіз ұғымы (логикалық ұғымы) арқылы тілде пайда болған кейбір сөздердің концептуалдық сипаты туралы сөз етпекпіз.

Тілдік таңба-нышандық тұрғыдан келгенде, бар ұғымы *бір*, *бүтін* ұғымдарымен сәйкеседі, яки бұл ұғымдардың қай-қайсысы да *шар-қоршау* таңбасының негізінде жасалған. Доп пішініндегі шар-қоршау таңбасы УП тілдік –дыбыстық элементі арқылы берілетіні белгілі. Осы тілдік –дыбыстық элемент пен оның білдіретін логикалық ұғымдары келтірілген сөздердің бойынан көрінеді. Мысалы, *бүтін* ұғымы шар-қоршаудың бүтіндігімен түсіндірілсе, *бір* ұғымы осы шар-қоршаудың тұтастығымен (бірлігі) түсіндіріледі. Бұл жерде де біз абстракциялық сипаттағы осы ұғымдардың пайда болу негізінде ғаламдық қоршаудың бүтіндігі (тұтастығы) мен бірлігі (бөлектігі) туралы дүниетанымдық түсінік тұрғанын көреміз.

Тіл-тілдегі бар, болу (бар болу) сөздерінің жаратылыс-табиғатындағы дүниетанымдық түсініктер жалпы адамзаттық ғаламтанымдық ақыл-ой данышпандығының айқын бір көрінісі деп білеміз. Жалпы алғанда, УП тілдік негізі арқылы жасалған осы *бар* сөзінің болмыс-бітімінде терең мағыналы логика-философиялық ұғымдар жатыр. Біз *бар* және *болу* сөздерінің бір негізден тараған негіздес (қазіргі түсінікпен айтқанда, түбірлес) сөздер екенін байқаймыз: екеуіне де ортақ негіз – шар-қоршау таңбасын бейнелейтін УП (ба / бо) тілдік негізі. Тек, *бар* сөзінде *p* (ур) тілдік негізі арқылы осы шақтық мағына үстеліп тұр да, *бол* сөзінде *л* (ул) тілдік негізі арқылы ауыспалы шақтық мағына үстеліп тұр. Қазақ тіліндегі осы БАР сөзінің орыс тіліндегі берілуі БЫТЬ, ағылшын тіліндегі берілуі TO BE (яғни тілдік негіздердің орын ауысқан түрінде), ал неміс тілінде – WAR. Келтірілген сөздердің бәрінің де негізінде УП (бар, болу) тілдік негізі тұр деп білеміз. УП тілдік негізінің осы ұғымды білдірудегі негізгі ұғымдық мәні *шар-қоршау* таңбасы түрінде көрініп, *толықтық*, *бүтіндік* түрінде көрінеді де, осы ұғымдар *бар болу* ұғымын жасауға негіз болады. Қарапайым қисынға салғанда да, *бар болу* дегеннің өзі ең әуелі көзге көрі-нетін, онан қалды – сезім мүшелері арқылы сезуге болатын материалдық дүние. Сондықтан да, оның УП тілдік негізі арқылы берілуін толық түсінуге болады.

Бар ұғымы әдетте жоқ ұғымына антонимдік сипатта екендігі белгілі. Біз жоқ сөзінің құрамындағы

ж дыбысын б-негізді дауыссыз дыбыс й – дің бір жарыспалы варианты деп білетіндіктен (б – й (жс), жоқ сөзін *боқ* түрінде оқуға болады деп ойлаймыз. Сонда, осы соңғы сөз өзінің таңба-нышандық табиғаты жағынан жоқ ұғымын білдіруге қабілетті екенін көреміз: бо (об-шар/қоршау) + ок (1. ақ-жоқ; 2. шеңбер-қоршау, яки бостық, жоқтық). Тіліміздегі зая сөзінің пайда болу негізінде де УП элементі болуын түсінуге болады: за (са / ос) + йа (ба- уп- бос, яки шар қоршау). Сонда, бұл сөз де БОС (ор.: *пуст-ой*) сөзімен бір негіздес екенін көреміз, тек бұл соңғы жағдайда символдар орыны ауысқан. Тіл-тілдегі «жоқ» ұғымын білдіретін мына сөздер: қазақ тіліндегі *бей, бекер*, орыс тіліндегі *без*, ағылшын тіліндегі *bad* сөздерінің қай-қайсысы да осы УП тілдік негізі арқылы жасалғаны айқын. Дегенмен, осы сөздердің «жоқ» ұғымын білдіруінің уәжде-месін қалай түсінуге болады деген мәселе де ойландырады. Жоғарыда біз мұны УП қоршаудың ортасындағы бостық, кеңістік (тесік) ұғымы арқылы түсіндірген болатынбыз. Енді УП-қоршаудың оң бағытқа емес, кері бағытқа айналуы түрінде де «жоқ» ұғымының бейнеленуін түсінуге болатынын көреміз. Осындай құбылыс тіліміздегі болымсыздық мәнді *ма / ме* жұрнақтары арқылы да көрінеді: *барма, келме*, т.б.

Бар болу ұғымы жаратылу ұғымымен тікелей байланысты, өйткені жаратылған нәрсе бар болады. О бастан мәңгілік жаратылған еш нәрсе де жоқ. Міне, осы жаратылу, жаратушы сөздерінің түп негізінде тағы да әлгі *БАР етуші* ұғымы тұр. Демек, біз жаратушы сөзіндегі сөз басы дауыссыз Й дыбысын Б-негізді үнді дауыссыз деп білеміз. Осы ұғым орыс тілінің БОГ (жаратушы) сөзінде де УП тілдік негізі арқылы көрініп тұр. Жалпы, осы сөзді тарихи генеалогиялық жақтан зерделей қарағанда, оның түпкілікті орыс сөзі емес екендігі, яғни бұл сөздің бірқатар шығыс және орта Азия тілдеріне де тән екендігі, тіпте оның әуелгі қолданысы осы түркі тектес тілдерден болуы мүмкін екендігі де байқалады. Орыс тіліндегі *иметь, обладать* сөздерінен де біз осы *бар* ұғымындағы УП тілдік негізін көреміз.

Тіл-тілде *бар* сөзінің басқа варианттары болуы да заңды. Мысалы, орыс тілінде осы ұғым *есть* сөзі арқылы да беріледі. Біз бұл жерде тілдік құбылыстың үштік жүйе заңдылығының ерекшеліктерін көреміз. Тілде жаратылыстық құбылыстарды әмбебап бейнелеудің механизмдері жасалған. Солардың бірі – үштік жүйе заңдылығы. Әдетте, ғаламдық болмыстың бүтіндігімен бірге оның бөліктерден тұратындығы, ал ол бөліктердің ең бастысы екіге бөліну екендігі туралы, яки жұптық жаратылыстық жүйе

туралы түсінік белгілі. Мұның тілде өзіндік көріну жолдары мен заңдылықтары бар. Ал, үштік жүйе – осы екілік жүйе арасындағы аралық элементті де қоса қамтитын жүйе. Ғаламдық құрылымның негізгі үш бөліктен (жоғары, төмен, орталық, яки аралық) тұратындығы тілдік құбылыста да осы заңдылықтың бейнеленуін қажет етуі түсінікті. Әдетте, *үш* ұғымы *көп* ұғымымен байланыстырылатыны белгілі. Ал, *көптік* дегеніміз – *толықтық* ұғымымен байланысып жатады. Осы тұрғыдан келгенде, *үштік таным* түсінігі ғаламдық құрылымның толықтығын жаңа бір қырынан бейнелейді деп түсінеміз. Яғни, мұнда даралық (УП, УН) ұғымдарымен қатар *аралық* ұғымының (УС) болуы да заңды. Демек, ғалам бейнесі тілде УП толықтық түрінде де, УН негізі (нүкте) түрінде де, сондай-ақ УС – өзек бейнесі түрінде де көріне алады. Яғни, қоршау, нүкте, өзек нышандық таңбалары тілде ғалам бейнесін білдірудің негізгі формалары бола алады. (Біз, сондай-ақ, УҚ-координата жүйесінің де ғалам бейнесін білдіре алатындығы туралы бұрынғы еңбектерде айтқан болатынбыз). Біз бұл мәселеге арнайы тоқталғанда айтпағымыз – тілдегі *бар/жоқ* ұғымдары да тек қана бір тілдік негіз (УП) арқылы емес, басқа да тілдік негіздер арқылы (мысалы, УН, УС, УҚ) бейнелене алады демекпіз. Жоғарыда келтірілген орыс тілінің *есть* (бар) сөзінде біз осы ұғымның УС тілдік негізі арқылы беріліп тұрғанын көреміз. Айталық, жапон тілінде *бар болу* (быть) ұғымы *ару* (ору, иру) түрінде берілсе, *иметь* (бар болу) ұғымы *моцу, мотта иру* түрінде беріледі [2]. Бұл соңғы жағдайлардан да біз УП тілдік негізін көре аламыз. Неміс тілінің *sein* (быть), *haben* (иметь), *besitzen, verfügen* (обладать) сөздерінен де біз осы УП тілдік негізін көреміз [3].

БАР ұғымы тілімізде *байлық* ұғымымен сәйкесетіні белгілі. Бар адам – бай адам. Біз бұл жерде *байлық* сөзінің түбірі *бар* сөзі демек емеспіз, мүмкін, мұндағы үнді *й* дыбысы *қ* негізді дыбыс болар (*бай – бақ*), бірақ осы сөздің (*байлық*) ба негізінде УП тілдік элементінің *көп, мол* деген ұғымдары тұрғаны айқын. Бұл орыс тілінде де *бол* арқылы бейнеленеді: *большой, больше*, т.б. Ал мұның қазақ тіліндегі варианты – *мол* сөзі екені белгілі.

Егер, орыс тіліндегі *мал* (малый, маленький), мен (меньше) сөздерін ескерсек, *мол* (бол, большой) және *мал* (маленький) сөздерінің бір негізден тарағанын көреміз. Мұның сыры УП шар-қоршау таңбасының плюстік (қарама-қарсы, яки плюс / минус өрістердегі) ұғымдарды бейнелей алу мүмкіндігінде жатыр. М.Қашғари сөздігінде де *БАР* сөзі үлкен деген мағынаны білдірген: *БАР – үлкен.*

бар йігдә – үлкен жиде [4, 149].

Тіліміздегі БІТ (біту) сөзінің мағынасында да осы БАР сөзінің мағыналық белгілері бар екенін көреміз. Біріншіден, *біту* дегеніміз – жаратылу, бар болу. Түсіндірме сөздікте осы сөздің көптеген мағыналарының бірі ретінде *пайда болу және жаратылу* (жүкті болу, құрсақ көтеру) мағыналары да берілген. Мыс.: Бұрын мұндайда жұрт алдына суырылып шықпайтын Батырбайға батылдық *бітті* (М. Иманжанов). Бір ұл туады, оның атын төстік жеген соң *біткен* бала деп Төстік қояды (Қаз. ертегілері) [5]. Келтірілген мысалдардағы *біт* (біту) сөзінің мағынасы БАР, БОЛУ сөздерінің мағынасымен бірдей. Сондай-ақ, осы *біт* сөзінен *бар* сөзінің *мол* (молшылық) ұғымы да көрінеді. Мысалы, *бітік* (бітік өскен тары, т.б.) сөзінде осы мағына айқын. Ал, екінші жағынан, *біту* (таусылу) сөзінде *бар* сөзінің антонимдік мағынасы – *жоқ болу* ұғымы тұр. Біз осы қатарға тіліміздегі *пайда болу* тіркесіндегі *пайда* сөзін де қосамыз. Бұл, әрине, орыс тіліндегі *польза* мағынасындағы *пайда* сөзі емес, жаратылу, бар болу мағынасындағы сөз. Біздіңше, осы сөздің негізінде де УП- тілдік негізінің *бар* ұғымы тұр. Бұл орыс тіліндегі *образование* (пай-

да болу, жаратылу), *появление* (явление – пайда болу, көріну, т.б.) сөздерінен де көрінеді.

ӘДЕБИЕТ

1. *Бекмағамбетов Ш.* Тілдік таным негіздері және тілдік символдар. Алматы, 1999.
2. Русско-японский словарь. М., 1950. Под ред. Н.И.Конрада.
3. Немецко-русский, Русско-немецкий словарь. М., 1990, Рымашевская Э.Л.
4. *Қашғари М.* Түбі бір түркі тілі. Алматы, 1993.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1999.